

## Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP14869443 «Ватикан материалдары мен Батыстың тарихи-мұрағат деректері бойынша Еуразияның түркі әлемі (V-XIVғғ.)»
Жоба өзектілігі	Ватиканда, Еуропаның кітапханаларында, мұрағаттарында және кітап қоймаларында сақталған латын, грек және ерте герман, скандинав тілдеріндегі түркілер мен Қазақстанның ерте тарихына қатысты ең сирек жазба тарихи деректер ғылыми айналымға енгізіледі. Мұнда папалық хаттар, шежірелер, сол жылдардағы куәгерлер мен саяхатшылардың айғақтары, сақтардан, ғұндардан, оның ішінде авар мен түрік қағанаттарынан, Дешті Қыпшаққа, Алтын Ордаға дейінгі, әлемдік тарихтың аласапыран кезеңіндегі халықаралық қатынастардың сипаты туралы түркі әлемінің тарихына жарық түсіретін жәдігерлер ерекше орын алады. Ватиканның ғылыми қорлары мен мұражайларындағы, сондай-ақ әлемдегі басты католиктік шіркеуі – Әулие Петр ғибадатханасының интерьерінің материалдарындағы бірегей құжаттар мен материалдар ерекше құндылыққа ие. Мұнда сирек кездесетін тарихи дереккөздер мен көне және қазіргі тілдердегі әдебиеттерге сүйене отырып, Шығыс пен Батыстың өзара әрекеттесуінің сан қырлы жолдары зерттелмек.
Жоба мақсаты	Қазақ мемлекеттілігінің тарихын дүниежүзілік тарих контекстінде латын, грек, ерте герман тілдеріндегі жаңа, бұрын беймәлім мұрағат деректеріне, сондай-ақ басқа да сабақтас ғылымдарға сүйене отырып зерттеу.
Жоба міндеттері	<ul style="list-style-type: none"><li>- Шетелдік ғылыми іссапарларда анықталған жаңа батыс еуропалық деректер, мұрағат материалдары, артефактілер мен карталар негізінде Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінің тарихы мен мәдениеті мәселелерін зерттеу;</li><li>- Түркі әлемі мен Еуропаның өзара әсерін; түркі халықтарының, ең алдымен Қазақстанның этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени тарихының мәселелерін, түркі өркениетінің пайда болуы мен дамуынан бастап олардың рухани-тарихи біртұтастығының алғышарттарын көне герман, латын тілдеріндегі жаңа, бұрын жарияланбаған деректерді және қазіргі шет тілдеріндегі жаңа әдебиеттерді анықтау негізінде зерттеу;</li><li>- Алтын Орда бойынша, археология, этнология, лингвистика және басқа да пәнаралық зерттеулермен қатар, Батыс пен Шығыстың бірегей жазба деректерін, сонымен қатар Ватикандағы латын тіліндегі манускрипттерді зерделеу. Алтын Орданың ерекшеліктерін проблемалық тұрғыдан зерттеу, ішкі және сыртқы саясатына талдау жасау.</li></ul>

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер

Тікелей нәтижелер:

- Батыс Еуропаның жаңа дереккөздеріне, мұрағаттық материалдарға, шетелдік іссапарларда анықталған жәдігерлер мен карталарға сүйене отырып, халықтардың ұлы қоныс аудару дәуіріндегі материалдар жүйеленіп, талданады. Қазақ даласының территориясын ежелгі дәуірден кейінгі орта ғасырларға дейін мекендеген халықтардың этникалық тарихы мен этногенезі туралы деректерді ғылыми айналымға енгізу;

- Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуіріндегі мәдени-тарихи үдерістер, ғұндардан ежелгі түріктер мен қазақтарға дейінгі көне мәдениеттердің, мемлекеттер мен ұлыстардың сабақтастығы зерттеледі. Түркі әлемі мен Еуропаның өзара ықпалы зерттеледі;

- Ежелгі кезеңде қазақ даласы аумағында мемлекеттердің пайда болуының алғышарттары мен жағдайлары талданады. Мемлекет құрушы халықтың қалыптасу кезеңдері мен ерекшеліктері айқындалды;

- Жаңа жазба дереккөздер, соның ішінде археология, этнология, лингвистика және басқа да сабақтас ғылымдардың деректерін пайдалана отырып, латын тіліндегі Ватикан қолжазбаларына сүйене отырып, Алтын Орданың көршілес Еуропа және Азия елдерімен өзара әрекеттестігі зерттелетін болады. Алтын Орданың Қазақстан тарихындағы, Еуразия мемлекеттері мен өркениеттер жүйесіндегі орны және әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесі қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері қорытынды кешенді есеп түрінде ұсынылады, Web of Science базасының Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Russian Science Citation Index индекстелетін және (немесе) Scopus базасында citescore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентілі бар рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 2 (екі)мақала немесе шолу жарық көреді; рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда (КОКСОН ұсынған) кемінде 7 (жеті) мақала және (немесе)шолу, монография, оқу құралдары жарияланады. Ғылыми жетістіктермен алмасу, жас кадрларды даярлау және жастарды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту мақсатында шетелдік зерттеушілерді тарта отырып, халықаралық дөңгелек үстел, семинарлар өткізілетін болады.

Ғылыми әсері: Еуразия даласындағы тарихи процестерді, ежелгі дәуірден бастап, ғұндар, түркі тайпалары мен Алтын Орданың әлем тарихындағы орны мен рөлін көрсете отырып, жаңа деректер (латын, ежелгі грек, ежелгі герман, скандинавия) және қазіргі пәнаралық ізденістер негізінде зерттеу.

	<p>Әлеуметтік әсері: Бұл әсер біздің еліміздің көпғасырлық тарихы туралы бірегей білімді туындыларды кең аудиторияның қабылдауына дайындау арқылы қалың жұртшылыққа жеткізуден тұруы тиіс.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде «Modern directions and movements in science», «Science and practice: implementation to modern society» атты Халықаралық конференциялар материалдарында, ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымдарда мақалалар жарияланды. «Жошы-Қыпшақ ұлысының мәдениеті» атты оқу құралы аяқталды, жарыққа шықты. Деректік материалдарды іздеу және аналитикалық жұмыстар жүргізу мақсатында Италияның Ла Сапиенца университетінің орталық кітапханасында, Орта ғасырлар тарихы бөлімінің кітапханасында ғылыми ізденіс жұмыстары жүргізілді. Италияның ұлттық кітапханасының электронды бөлімінен материалдар алынды. Мұнда арнайы кітапхана материалдарынан тыс, ғылыми журналдардың электронды нұсқалары да жинақталды. Италиян, ағылшын, француз тілдерінде жазылған материалдардың көшірмелері алынды. Ғылыми құндылығы жоғары болған кітаптар мен журналдардың PDF Adobe Reader текстік көшірмелері жасалды. Сонымен қатар, Ла Сапиенца университеті кітапханасы мен Италия Ұлттық кітапханасының ғылыми материалдарын жинақтаудың нәтижесінде және басқа да құнды батыс деректері негізінде Алтын Орданың саяси тарихының негізгі аспектілеріне сараптама жасалды.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Д.и.н., профессор кафедры Всемирной истории, историографии и источниковедения КазНУ им. аль-Фараби, академик, Почётный профессор Гёттингенского университета Жумагулов К.Т. <b>Scopus author ID:</b> 56610302100; <a href="https://orcid.org/0000-0002-9072-6344">https://orcid.org/0000-0002-9072-6344</a>.</li> <li>2. К.и.н., профессор кафедры Всемирной истории, историографии и источниковедения КазНУ им. аль-Фараби, Мырзабекова Рыскелды Саламатовна.</li> <li>3. Беделова Г.С. – <b>Scopus author ID:</b> 56195795300, <b>Researcher ID:</b> <a href="https://publons.com/researcher/N-6938-2014/">https://publons.com/researcher/N-6938-2014/</a>, <a href="https://orcid.org/0000-0002-0632-7835">https://orcid.org/0000-0002-0632-7835</a> – кандидат исторических наук, ассоц. профессор КазНУ им. аль-Фараби.</li> <li>4. Мухажанова Т.Н. – <b>ID:</b> 56436524000, <b>Researcher ID:</b> A-8292-2015, <b>ORCID:</b> 0000-0001-9303-5277 – кандидат исторических наук, доцент КазНУ им. аль-Фараби.</li> <li>5. Садыкова Р.О. – <b>Researcher ID</b> – <a href="https://orcid.org/0000-0003-2905-7951">A-9722-2015</a>, <b>ORCID</b> - <a href="https://orcid.org/0000-0003-2905-7951">https://orcid.org/0000-0003-2905-7951</a> К.и.н., ассоциированный профессор КазНУ им. Аль-Фараби.</li> </ol>

	<p>6. Абдукадыров Н.М. – Scopus author ID: 56195713700, Researcher ID - O-1162-2014, ORCID Id - <a href="https://orcid.org/0000-0002-6811-9871">https://orcid.org/0000-0002-6811-9871</a> – Ph.D по специальности «020300- История».</p>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p>1. Жұмағұлов Қ.Т., Мухажанова Т.Н. Бажанак (печенег) тайпасының этнотерриториясының қалыптасу мәселелері. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №4 (75), 2022 ж.</p> <p>2. Жұмағұлов Қ.Т., Абдукадыров Н.М. Осман мемлекеті мен Византия империясының саяси байланыстары (Византия деректері бойынша). әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. №4 (107). 2022 ж.</p> <p>3. Мухажанова Т.Н. Мажар (мадияр) тарихын зерттеуде Батыс және Шығыс жазба деректерінің құндылығы //«Ұлттық деректанудың негізін қалаушы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 20 қазан, 2022 жыл.</p> <p>4. Беделова Г.С. Кейбір деректердің негізінде Қытайдың сыртқы саудасының даму ерекшеліктері (XIII-XIV ғғ.) // «Ұлттық деректанудың негізін қалаушы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 20 қазан, 2022 жыл.</p> <p>5. Жұмағұлов Қ.Т. Сұлтан Бейбарыс кезеңіндегі халықаралық қатынастар (жаңа латын деректері негізінде)// «Мұсылмандық Мысыр билеушісі: қыпшақ текті Бейбарыс сұлтан және оның заманы» атты Бейбарыс Сұлтан (әл-Мәлік әз-Заһир Рукн-әд-дин Бейбарыс I әл-Бұндуктари әс-Салих) туғанына 800 жыл (1223-1277) атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция / Алматы қ. (11 сәуір 2023 ж.). - А., 2023. – 8 б.</p> <p>6. Жумагулов К.Т. <a href="https://doi.org/10.26577/JH.2023.v109.i2.07">Современная зарубежная историография духовно-рыцарских орденов и их участия в крестовых походах</a> // Вестник КазНУ. Серия историческая – 2023. - №2 (109). - С. 75-81. - URL: <a href="https://doi.org/10.26577/JH.2023.v109.i2.07">https://doi.org/10.26577/JH.2023.v109.i2.07</a></p> <p>7. К.Т.Жумагулов, М.А. Байдаулетова, Р.Ж. Мрзабаева. Роль духовно-рыцарских орденов в становлении второго средневекового ренессанса //Вестник РОО «Национальной Академии Наук Республики Казахстан» ЧФ «Халық». – 2023. - №5 (405). – С. 34-45. - URL:<a href="https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/5901">https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/5901</a> <a href="https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.574">https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.574</a></p> <p>8. Жұмағұлов Қ.Т. Жошы-Қыпшақ ұлысының мәдениеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. - 82 б.</p> <p>9. Жұмағұлов Қ.Т., Садықова Р.О., Мухажанова Т.Н. Ежелгі тайпалық өркениеттегі діннің рөлі // Материалы III-й Международной научно-</p>

практической конференции «Modern directions and movements in science». / г. Luxembourg, (26-28 октябрь 2023 г.). - Люксембург, - С.128-131. - URL: <https://archive.interconf.center/index.php/conference-proceeding/issue/view/26-28.10.2023>  
<https://archive.interconf.center/index.php/conference-proceeding/article/view/4589/4625>

10. Zhumagulov K.T., Mukhazhanova T.N., Sadykova R.O., Abdykadyrov N.M., Tursin S. Ethno-cultural problems of Hungarian history // Материалы XV-й Международной научно-практической конференции «Science and practice: implementation to modern society» / Великобритания. Манчестер, (6-8 ноября 2023 г.). – Манчестер, - С. 186-198. - URL: <https://archive.interconf.center/index.php/conference-proceeding>  
<https://archive.interconf.center/index.php/conference-proceeding/article/view/4643/4679>

11. Мырзабекова Р.С. Сұлтан Бейбарыстың крест жорықтары кезіндегі сыртқы саясаты // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы - 2023. - №1 (108). – Б. 106-112. - URL: <https://doi.org/10.26577/JH.2023.v108.i1.011>

12. Мырзабекова Р.С. Алтын Орданың саяси және мәдени тарихына қатысты Батыс Еуропалық деректер мен зерттеулер. //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы – 2023. - №2 (77). – Б. 218-227. - URL: <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1247>  
<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.77.2.022>

13. Беделова Г.С., Садыкова Р.О. The nature of commercial agreements, import and export in China during the mongols. //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы – 2023. - №3 (78). Б. 82-90. - URL: <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1417>  
<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2023.78.3.010>

14. Беделова Г.С. Мамлюктік Египеттің Алтын Ордамен қарым қатынасын дамытудағы Сұлтан Бейбарыстың рөлі// «Мұсылмандық Мысыр билеушісі: қыпшақ текті Бейбарыс сұлтан және оның заманы» атты Бейбарыс Сұлтан (әл-Мәлік әз-Заһир Рукн-әд-дин Бейбарыс I әл-Бұндуктари әс-Салих) туғанына 800 жыл (1223-1277) атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция / Алматы қ. (11 сәуір 2023 ж.). - А., 2023. – 13 б.

15. Mukhazhanova T. Ethnic problems of Hungarian history// The scientific heritage. – 2023. - №109. - P.10-15. - URL: <http://www.scientific-heritage.com/wp->

	<p><a href="content/uploads/2023/03/The-scientific-heritage-No-109-109-2023.pdf">content/uploads/2023/03/The-scientific-heritage-No-109-109-2023.pdf</a></p> <p>16. Мұхажанова Т.Н. ІХ-Х ғғ. Қыпшақ бірлестігінің этномәдени мәселелері// «Мұсылмандық Мысыр билеушісі: қыпшақ текті Бейбарыс сұлтан және оның заманы» атты Бейбарыс Сұлтан (әл-Мәлік әз-Заһир Рукн-әд-дин Бейбарыс І әл-Бұндуктари әс-Салих) туғанына 800 жыл (1223-1277) атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция / Алматы қ. (11 сәуір 2023 ж.). - А., 2023. – 14 б.</p> <p>17. Абдукадыров Н.М. Мәмлүк сұлтандығы мен ортағасырлық итальян мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастар// «Мұсылмандық Мысыр билеушісі: қыпшақ текті Бейбарыс сұлтан және оның заманы» атты Бейбарыс Сұлтан (әл-Мәлік әз-Заһир Рукн-әд-дин Бейбарыс І әл-Бұндуктари әс-Салих) туғанына 800 жыл (1223-1277) атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция / Алматы қ. (11 сәуір 2023 ж.). - А., 2023. – 13 б.</p>
Патент туралы ақпарат	-